

## Әлеуметтік төлемақылар төлеу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 21 шілдедегі N 226 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Жарма аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 11 тамызда N 5-10-84 тіркелді. Күші жойылды - Жарма ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 20 сәуірдегі N 90 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Жарма ауданы әкімдігінің 2012.04.20 N 90 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 13), 14) тармақшалары, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 16, 23 баптары, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7-бабы, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 6, 8-баптары, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 15 желтоқсандағы № 2676 «Қазақстан Республикасының наградалары туралы» Заңының негізінде Жарма ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарма ауданының әкімдігінің өте мұқтаж және аз қамсыздандырылған азаматтарына біржолғы материалдық көмекпен, республика мен облысқа сіңірген еңбектері үшін зейнеткерлікке шыққан азаматтарға арнаулы жәрдемақы тағайындау және жекеленген санаттардағы азаматтарға әлеуметтік төлемақылар төлеу бойынша аудандық комиссия құрылсын (1 қосымша).

2. Жарма ауданының әкімдігінің өте мұқтаж және аз қамсыздандырылған азаматтарына біржолғы материалдық көмекпен, республика мен облысқа сіңірген еңбектері үшін зейнеткерлікке шыққан азаматтарға арнаулы жәрдемақы тағайындау және жекеленген санаттардағы азаматтарға әлеуметтік төлемақылар төлеу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін (2 қосымша).

3. Жарма ауданының әкімдігінің өте мұқтаж және аз қамсыздандырылған азаматтарына біржолғы материалдық көмекпен, республика мен облысқа сіңірген

еңбектері үшін зейнеткерлікке шыққан азаматтарға арнаулы жәрдемақы тағайындау бойынша және жекеленген санаттардағы азаматтарға әлеуметтік төлемақылар төлеу бойынша аудандық комиссия құрамы Жарма аудандық мәслихатының сессиясына бекітуге енгізілсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. М. Брынзовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жарма ауданының әкімі Т. Қасымжанов  
Жарма ауданының әкімдігінің  
2009 жылғы 21 шілдедегі № 226  
Қаулысына 1 қосымша

## Әлеуметтік төлемақылар төлеу жөніндегі комиссия ҚҰРАМЫ

Комиссия төрайымы:	Баубекова Камшат Сейсенғазықызы, «Жарма ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» М.М-сі бастығының орынбасары
Комиссия мүшелері:	Туенбаева Зекен Оразбекқызы, зейнеткер (келісім бойынша); Ахметова Роза Александровна, зейнеткер (келісім бойынша); Айтаков Жұмабек зейнеткер (келісім бойынша);
Комиссия хатшысы:	Түсіпбаева Сәуле Қаниқызы, ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» М.М-сі бас маманы.

Жарма ауданының әкімдігінің  
2009 жылғы 21 шілдедегі № 226  
Қаулысына 2 қосымша

## Әлеуметтік төлемақылар төлеу туралы НҰСҚАУЛЫҚ

### I. Жалпы ережелер

1. Біржолғы материалдық көмек ауданының өте мұқтаж аз камсыздандырылған азаматтарына, әр адамға жылына бір рет қана көрсетіледі.

2. Біржолғы материалдық көмекті алуға Жарма ауданында тұрақты тұратын

Қазақстан Республикасы азаматтарының және оралмандардың құқығы бар.

3. Республика мен облысқа сіңірген еңбектері үшін зейнеткерлікке шыққан азаматтарға ай сайын арнаулы жәрдемақы бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы аудандық бюджет қаржы есебінен төленеді.

## **II. Біржолғы материалдық көмекті бөлу туралы**

5. Біржолғы материалдық көмек төмендегі көрсетілген тұлғаларға:

5.1. өте мұқтаж жалғыз тұратын аз қамсызданғандырылған зейнеткерлерге;

5.2. Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектері және оларға теңістірілгендерге ;

5.3. асырауында кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларына, мүгедектерге, жұмыссыз азаматтарға ;

5.4. «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен, бұрын «Батыр ана» атағын алған I, II дәрежедегі «Аналық данқ» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға және бірге тұратын кәмелеттік жасқа толмаған төрт немесе одан да көп балалары бар көп балалы аналарға ;

5.5. Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген дербес зейнеткерлерге;

5.6. Шығыс Қазақстан облысына еңбек сіңірген дербес зейнеткерлерге;

5.7. әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан, мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауыпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдарға ;

5.8. басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы немесе ауруы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілеріне ;

5.9. Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балаларына ;

5.10. аз қамтылған адамдарға ;

6. Материалдық көмек табиғи апат кесірінен ауыр материалдық жағдайда отырған отбасыларына, қайғылы оқиғалары бар, аурудың ауыр түрімен ауратын және басқа да себептері бар азаматтарға көрсетіледі;

7. Жергілікті бюджет қаражатынан бөлінетін әлеуметтік төлем «Жеңіс күні», «Қарттар мен мүгедектер күні» және тағы да басқа мерекелерге аудандағы қоғамдық ұйымдардың ұсынуымен беріледі.

8. Біржолғы материалдық төлем 5-ші, 6-шы тармақшаларда көрсетілген адамдар үшін төмендегідей құжаттарды ұсынған кезде бөлінеді:  
материалдық көмек көрсету жөнінде өтініш;  
төлқұжат немесе жеке басының куәлігі;  
салық төлеушінің тіркелу нөмірі;  
азаматтың материалдық көмек қажет ететінін растайтын басқа да құжаттар ( қайғылы оқиға жөніндегі құжаттар, ауруы туралы дәрігерлік анықтама және тағы б а с қ а л а р )

мәртебесін жергілікті атқарушы органдардың уақытында берген арнайы куәлігімен немесе зейнетақы төлеу орталығының анықтамасымен куәландырады.  
тұрғылықты жері туралы анықтамасы;

### **III. Біржолғы материалдық көмекті төлеу туралы**

10. Біржолғы материалдық көмек жергілікті бюджет қаражаты есебінен бөлінген қаражаттарды көмек сұраған азаматтың есепшотына аудару жолыменен т ө л е н е д і .

11. Материалдық көмек төмендегідей мөлшерде белгіленген:

11.1. осы нұсқаулықтың 5.1., 5.2., 5.3. тармақшасында көрсетілген жағдайларға 1000 теңгеден 7000 теңгеге дейін;

11.2. осы нұсқаулықтың 5.4. тармақшасында көрсетілген санаттағы адамдарға «Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне 5000 теңге көлемінде және бірге тұратын кәмелеттік жасқа толмаған төрт немесе одан да көп балалары бар көп балалы аналарға «Балаларды қорғау күні» мерекесіне 5000 теңге көлемінде;

11.3. осы нұсқаулықтың 5.5., 5.6. тармақшаларында көрсетілген санаттағы адамдарға ай сайын 2000 теңге көлемінде;

11.4. осы нұсқаулықтың 5.7. тармақшасында көрсетілген санаттағы адамдарға ай сайын 5000 теңге көлемінде;

11.5. осы нұсқаулықтың 5.8. тармақшасында көрсетілген санаттағы адамдарға ай сайын 2000 теңге көлемінде;

11.6. осы нұсқаулықтың 5.9. тармақшасында көрсетілген санаттағы адамдарға ай сайын 2000 теңге көлемінде;

11.7. осы нұсқаулықтың 5.10. тармақшасында көрсетілген санаттағы адамдарға ай сайын 0,6 айлық есептік көрсеткіш теңгеден бөлінеді;

11.8. табиғи апат, бақытсыздық жағдайларға, апат салдарынан өте ауыр науқасқа шалдыққандарға әлеуметтік төлем 50000 теңгеге дейін;

11.9. қоғамдық ұйымдардың ұсынысымен: «Женіс күні», «Қарттар мен мүгедектер күні» тағы да басқа мерекелер өткізуге 100000 – 500000 теңгеге дейін ;

11.10. мерейтойларға 5000 теңгеден 50000 теңгеге дейін;

11.11. мерекелік күндерге 2000 теңгеден 10000 теңгеге дейін.

12. Комиссия қоғамдық ұйымдар өтініштерін қарау бойынша қандайда болмасын көмек көрсетуге немесе көмек бермеуге шешім шығаруға құқы бар.

13. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі өткізілген құжаттар негізінде 5.5. – 5.9 тармақшада көрсетілген азаматтарға арнаулы жәрдемақы тағайындау жөнінде шешім қабылдайды.

14. Арнаулы жәрдемақы тиісті емес болған жағдайда өтініш иесіне жазбаша ж а у а п б е р е д і

15. Арнаулы жәрдемақы 5.5 – 5.10. тармақшаларында көрсетілген адамдарға өтініш берген айдан бастап тағайындалып, төлемі ай сайын жүргізіліп отырады.

16. Арнаулы жәрдемақыны қаржыландыру аудандық бюджетте осы мақсатқа сәйкесті жылға қаралған қаржы есебінен жүзеге асырылады.

## **V. Жергілікті бюджет қаражатының көзделген мақсатта пайдалануын бақылау туралы**

17. Материалдық көмек көрсетуге бөлінген, жергілікті бюджет қаражатының көзделген мақсатта пайдалануын бақылауды ауданның қаржы бөлімі жүзеге асырады.